

«6B02302-Аударма ісі(шығыс тілдері)» білім беру бағдарламасы«Базалық шет тілі»(А2 деңгейі)пәні бойынша емтихан бағдарламасы

Өткізілу түрі: жазбаша, дәстүрлі

Платформа: АЖ UNIVER жүйесі

Формат: офлайн

Емтихан бағдарламасының мазмұны:

Теориялық бөлігі

Қытай тілінің грамматикалық құрылымына қатысты сұрақтарды сипаттау, түсіндіру, сөйлемдер құрау.

Тапсырма:

1. Берілген сөздерді дұрыс пайдалана алу
2. Үйренген мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап бере алу
3. Берілген мәтінді қазақ тіліне аудару білу

Әдістемелік нұсқаулар:

Теориялық тапсырмада базалық шетел тілінің нормативтік грамматикасына қатысты сұрақтарды талдау. Берілген сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестерін құрастыру.

Әдебиеттер:

1. Абдырақын Н. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. Алматы: «Қазақ университеті», 2015
2. Курдюмов В.А. Курс китайского языка: Теоретическая грамматика: Цитадель, 2015
3. Горелов В.И. Теоретическая грамматика китайского языка . – М.: Прсвещение, 2017
4. О.М.Готлиб. Практическая грамматика современного китайского языка. М - 2002
5. 新 HSK 速成强化教程三级, 王海峰, 陈莉, 路云编著, 北京语言大学出版社,2019
6. 对外汉语教学语法释疑 201 例.彭小川, 李守级, 王红著.北京语言大学出版社,2018 年。

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көретілген орынға отыруы тиіс.Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады.Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда біліктіліктің қалыптасуын тексеру).

-«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білу;қытай тілі мәтіндеріндегі құрылымдық ерекшеліктерін барлық деңгейде анықтау; мағлұмат алу, қытай тілінің грамматикалық құрылымымен танысу дағдыларын қалыптастыра отырып, өз беттерінше грамматикалық нормаларға сәйкес қытай тілінде

сөйлемдерді логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық құра білу.; ұсынылған материалдарды еркін меңгеру;

-«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, сұрақтар мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсіну және толық білу; грамматикалық нормаларға сәйкес қытай тілінде сөйлемдерді құра білу;қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған материалдарды жеткілікті меңгеру;

-«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалдарды түсіну; қойылған сұрақтарға толық жауап бермеу, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған материалдарды жеткіліксіз меңгеру; грамматикалық нормаларға сәйкес қытай тіліндегі сөйлемдерді толық құрай алмауы;

-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар;теориялық мәліметтерді бақылай отырып тәжірибелік қорытындыны өз бетімен жасай алмау.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ:

1 Блок бойынша – макс. 30 балл

2 Блок бойынша – макс. 30 балл

3 Блок бойынша - макс. 40 балл

Барлығы - 100 балл